



Тілеген Сейфулин,
Ақмола облысы Мәдениет, архивтер
мен құжаттамалар басқармасының
Зеренді ауданы мемлекеттік
архивінің директоры

ЗЕРЕНДІ АУДАНЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІНЕ – 30 ЖЫЛ!

Зеренді ауданының мемлекеттік архиві – Тәуелсіздіктің төл құрдасы. Тәуелсіздіктің архив қызметіндегі жемісін Зеренді ауданының мемлекеттік архивінің тыныс-тіршілігінен анық көруге болады.

Аудандық архив 1991 жылы 23 шілдеде Зеренді аудандық халық депутаттар кеңесі атқарушы комитетінің шешімімен жеке құрам бойынша шаруашылық есептік мұрағат болып құрылды. Зеренді ауданы әкімінің 1992 жылғы 28 сәуіріндегі №114-4 шешімімен аудандық мұрағат болып қайта құрылды. Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 17 ақпандағы №А-3/52 қаулысына сәйкес Ақмола облысының мұрағаттар мен құжаттамалар бөлімінің «Зеренді ауданының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды. Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 8 мамырдағы №А/170 қаулысына сәйкес атауы Ақмола облысы мұрағаттар мен құжаттамалар басқармасының «Зеренді ауданының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесіне өзгертілді [4]. Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі №А-6/197 қаулысына сәйкес Ақмола облысы мұрағаттар мен құжаттамалар басқармасының «Зеренді ауданының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді. Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 17 қаңтардағы №А-1/20 қаулысына сәйкес бағыныстылығының өзгеруіне байланысты Ақмола облысы мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының «Зеренді ауданының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып тағы өзгертілді. 30 жылда бірнеше рет құрылымын өзгерткен, талай қиыншылықтарды жеңе білген аудандық архив ұжымы әрқашанда өзіне жүктелген міндетті абыроймен орындады. Олар аудан мекемелері мен ұйымдарындағы тарихи мәні бар құжаттарды сақтап қалуға және іс қағаздарын біліктілікпен жүргізуге бағытталған іс-шараларды іскерлікпен жүргізуге ұмтылды.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, кеңшарлар экономикалық тығырыққа шыдай алмай тарап, әртүрлі ауыл шаруашылық бірлестіктер жұмыс жасай бастады. Халықтың әлеуметтік тұрмысы нашарлап, әр отбасы өзінше күн кешті. Мекемелердегі талай жылдан қордаланған

құжаттарын біреулері дер кезінде ұқыптылық танытып тапсырса, кейбіреулері салғырттық танытты. Осы бір қысыл-таяң кезде мұрағат негізін қалаған, мұрағат қызметі саласында өзіндік сүбелі үлестері мен айшықты қолтаңбасы қалған, ел қызметіне еңбегі сіңген бірегей тұлғалардың бірі-Елтай Зейнелғабиденұлы Айтхожин болатын. Е.Айтхожин 1980 жылдан 1991 жылға дейін зейнеткерлікке шыққанша Зеренді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Осы жылдары облыстың 1-ші хатшысы Еркін Әуелбеков, Оразбек Қуанышев, Сағдиев Мақтай Рамазанұлы сынды тұлғалармен тізе қоса отырып жемісті еңбектерімен Одақ көлемінде танымал болды. Атап айтқанда, Зеренді ауданында үш жыл қатарынан көшпелі Қызыл туға ие болып, Одақ бойынша бірінші орынға көтерілді. Сол жылдары республиканы басқарған Дінмұхамет Қонаев атамның да жақсы бағасына ие болды. Елтай Зейнелғабиденұлы ауданымыздың өркендеуіне, экономикамыздың дамуына зор үлесін қосты. Ауданды басқарып тұрған кезінде кеңшарларда жеке тұрғын үйлер, бала-бақшалар мен мектептер бой көтерді. Біздің ауданымыз ет, сүт сияқты ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру бойынша алдыңғы қатарда болды. Бүкіл саналы ғұмырын, таланты мен қабілет-қарымын, күш-жігерін ауданымыздың өсіп-өркендеуіне жұмсады. Ол көпшілдігі, ақпейілділігі, менмендігі жоқ, ақыл иесі екендігімен көпшілікке сыйлы басшы. 1991 жылы еңбек демалысына шықса да қарапайым халықтың қамын, ертеңгі болашағын, құжаттардың жойылып кету мәселесін жетік ойлап, 1991 жылдың шілде айында ауданымызда Зеренді аудандық халық депутаттар кеңесі атқару комитетінің шешімімен мұрағат ұйымын ашты. Сол кездері дүрілдеген кеңшарлар таратылып, олардың орнын ауыл шаруашылық бірлестіктер мен кооперативтер басты. Елтай Зейнелғабиденұлы сол кеңшарлардың құжаттарын сақтап қалу мақсатында, ертеңгі күні зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтар зейнеткерлікке шыққанда осы құжаттарды іздеп әуре болмасын деген оймен өзінің жеке машинасымен елді елге жүріп құжаттарды бір талдап жинады. Бір өкініштісі, салғырттық танытқан бірнеше мекемелердің құжаттары уақытында архивке

өткізілмеді, бүгінде сол кездегі жұмысшылар өздерінің еңбек өтілдерін сот арқылы дәлелдеп әуре-сарсаңға түсіп жүргеніне куә болып отырмыз.

Архив ашылған жылы, яғни 1991 жылдың тамыз айында алғаш Зеренді, Подлесный, Ленин жолы, Қарабұлақ, М. Ғабдуллин атын-дағы кеңшарлардың, Подлесный, Зеренді, Чаглинка, Пухальск, Айдабол ауылдық кеңестерінің құжаттары қабылданған болатын. Архив ашылғанда небары екі-ақ бөлме болған. Соның біреуін Елтай Зейнелғабиденұлы баласымен ағаштан сөрелер жасап архив қоймасына айналдырды. Архив ашылған күннен бастап Елтай ағамен Балмағамбетова Тамара Қазбақызы, Әлібекова Раиса Құрманқызы 10 жылдай қызметтес болды. Тамара Қазбақызы мен Раиса Құрманқызы Елтай ағамен қызметтес болған кезде «ол кісіден көп нәрсені үйрендік» деп жылы сөздермен еске алып отырады. «Бас кезінде қордың не екенін, ұйымдар мен мекемелерден құжаттарды қабылдағанда тізімдеменің қалай жасалатындығын, сақтаулы құжаттардан азаматтардың сұранысы бойынша анықтама беруді білмедік. Архив саласының қыр-сырын осы кісіден үйреніп білдік. Елтай аға басшылық қызмет атқарса да адамгершілігі мол, кішіпейіл, еңбекқор, өте қарапайым болатын. Киім кигені, сөйлегені, жүрісі, өзін ұстауы бізге үлгі болды. Кабинетіне үлкен кісі түгіл бала кіріп келсе де орнынан ұшып тұрып, орындық беріп отырғызып, мән-жайды сұрайтын. Бізге де келген кісілерің риза болып кететіндей бар мәліметтерді беріп, қолдарыңнан келгенше көмектесіңдер, – деп құлағымызға құйып отыратын.

1997 жылдың 20 сәуірінде Көкшетау облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен Көкшетау облысының Көкшетау ауданы Зеренді ауданының құрамына енді. Сонда Көкшетау ауданының: Красный Яр, Приречный, С.Сейфуллин атындағы кеңшарлардың, Раздольный мектеп интернатының, Көкшетау нотариаттық кеңсесінің және т.б. ұйымдардың құжаттарын жүк машинасына артып алып кел-өзі жасап, облыстық мұрағаттар мен құжаттамалар басқармасына бекітіріп алып келетін.

2002 жылдың ақпанында денсаулығы сыр беріп жүрсе де соңғы Зеренді, Көкшетау аудандары білім бөлімінің шашылып жатқан құжаттарын жинақтап, жыл-жылға бөліп архив қоймасының меңгерушісі – Райса Әлібекованы шақырып алып, «тек тізімдеме жасау ғана қалды», – деп тапсырып кетті. Соңғы рет сол жылдың наурыз айының негізгі қызмет, бухгалтерлік есеп бойынша есебін есепші Күләш Мырзабековаға, ол кезде калькулятор жоқ, баяғы шотпен есептеп, қолын қойып кетті. 2002

жылдың 29 наурызында өмірден өтті. Өмірден өтсе де, артынан өшпес із қалдырды».

Елтай ағамыздың бойындағы ізгі қасиеттер, ол атқарған игілікті істер ұрпағымен жалғасын тауып, қызы-Жанат Елтайқызы әкесінің жолын қуып, осы архив саласына елеулі үлесін қосуда. Еңбек десе ерінбеген, заманның жалына жабыса біліп, өз ісінің нағыз маманы атанған Жанат Елтайқызы өзінің туған ұжымы болып кеткен архивте қызмет еткеніне 20 жыл болды.

Сондай-ақ 1991-2021 жылдар аралығында архив ісін дамытуға өз үлестерін қосқан басшылар мен архившілер:

Халилева Светлана Айтеновна 2002-2013 жж. архив директоры.

Айдосова Бақытжан Досымбекқызы 2013-2018 жж. архив директоры.

Сейфулин Тілеген Ержігітұлы 2018 жылдан бастап архив директоры.

Балмағамбетова Тамара Қазбақызы 1991 жылдың тамыз айынан 2013 жылы құрметті демалысқа шыққанға дейін архивші қызметін атқарды.

Әлібекова Раиса Құрманқызы 1991 жылдың тамыз айынан 2009 жылы құрметті демалысқа шыққанға дейін архивші, архив қоймасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Иманғалиева Жанат Елтайқызы 2001 жылдың наурыз айынан бастап қазіргі уақытқа дейін аудандық архивтің архившісі.

Новокрещенова Татьяна Васильевна 2003 жылдың шілде айынан 2018 жылдың шілдесіне дейін есепші-архивист қызметін құрметті демалысқа шыққанша атқарды.

Камиева Надежда Анатольевна 2009 жылдың қаңтар айынан бастап 2020 жылдың желтоқсан айына дейін құрметті демалысқа шыққанша архивші қызметін атқарды.

Бүгінгі таңда аудандық архивте үлкен жауапкершілік жүктелгенін сезінетін, өз ісін білетін мамандар және дарынды архивистер қызмет етеді. Олар: Ш.Бекенова, Д.Жүзжанова, Г.Мұхамбеталина, Д.Жүсіпбеков, А.Исина және есепші – Т.Сергеева. Олар келіп түскен құжаттардың сақталып, өңделуіне елеулі үлес қосуда.

Зеренді ауданының мемлекеттік архивінде аудан тарихынан сыр шертетін көптеген құжат бар. Архив қорында сақталған көне құжаттар 1917 жылдан басталады. Қазіргі уақытта архивте есепте тұрған 297 қор, 75436 сақтау бірлігін құрайтын құжаттар сақталуда. Жалпы аумағы 231,1 шаршы метрді қамтитын архивтің 6 қоймасында мекемелердің құжаттарымен қатар, түрлі саладағы азаматтардың өмір деректерінен ақпарат беретін жеке құжаттары сақталған. Жыл бойы осы құжаттардың жағдайын тексеру, өңдеу, тігу, өңі кеткен мәтіндерді қалпына